

Темекі өнімдерін таңбалау және қадағалау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 927 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 қыркүйекте № 21302 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3 т. қараныз.

"Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-2-бабы 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Темекі өнімдерін таңбалау және қадағалау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының 2402209000 коды бойынша – 2020 жылғы 1 қазаннан бастап, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының 2403999009, 2402201000, 2402900000, 2402100000, 2403110000, 2403191000 және 3824999209 кодтары бойынша 2021 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 28 қыркүйегі
№ 927 Бұйрыққа қосымша

Темекі өнімдерін таңбалау және қадағалау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Темекі өнімдерін таңбалау және қадағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 7-2-бабы 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында темекі өнімдерін сәйкестендіру құралдарымен таңбалау және оларды одан әрі қадағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай қысқартулар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) агрегаттау – құрылатын топтық және (немесе) көліктік қаптаманы ашу қажеттілігінсіз тауар өткізетін тізбек бойынша темекі өнімдерінің қозғалысын қадағалауды қамтамасыз ету мақсатында, темекі өнімдерінің тұтыну қаптамасын (бұдан әрі – тұтыну қаптамасы) темекі өнімдерінің топтық қаптамасына (бұдан әрі – топтық қаптама) және (немесе) темекі өнімдерінің көліктік қаптамасына (бұдан әрі-көліктік қаптама) не топтық қаптаманы әрбір салынған тұтыну қаптамасының сәйкестендіру кодтарының құрылатын топтық және (немесе) көліктік қаптаманы сәйкестендіру кодымен өзара байланысы туралы, сондай-ақ әрбір салынған топтық қаптаманың сәйкестендіру кодтарының құрылатын көліктік қаптаманы сәйкестендіру кодымен өзара байланысы туралы ақпаратты сақтай отырып және топтық қаптамаға тиісті сәйкестендіру құралын немесе көліктік қаптамаға сәйкестендіру кодын енгізе отырып көліктік қаптамаға біріктіру процесі;

2) бағдарламалық-аппараттық кешен (бұдан әрі – БАК) – белгілі бір үлгідегі міндеттерді шешу үшін бірлесіп қолданылатын бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық құралдардың жиынтығы;

3) бақылау-кассалық машина – деректерді беру функциясы жоқ фискалдық жады блогы бар электрондық құрылғы, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы (функциялары) бар (жоқ) аппараттық-бағдарламалық кешен, тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы ақпаратты тіркеуді және бейнелеуді қамтамасыз ететін, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар электрондық құрылғы;

4) деректерді беру хаттамасы – ақпарат пакеттерінің құрылымына және деректерді беру желісінің құрылғылары арасында ақпарат пакеттерін алмасу алгоритміне қойылатын талаптардың формаланған жиынтығы;

5) ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одақ;

6) ЕАЭО СЭҚ ТН коды – ЕАЭО сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды;

7) жеке кабинет – "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде (бұдан әрі – "Интернет" желісі) орналастырылған, Оператор айналымның қатысушысына немесе темекі өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға ұсынатын тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ТТҚ АЖ) арнайы ақпараттық сервисі;

- 8) ЖСН немесе БСН – жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 9) импорттаушы – тауарларды ЕАЭО кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын, ЕАЭО кедендік аумағына әкелуді, сондай-ақ тауарларды ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын, темекі өнімдерінің айналымына қатысушы;
- 10) көліктік қаптаманы сәйкестендіру коды – темекі өнімдерінің әрбір жеке көліктік қаптамасы үшін осы Қағидалардың 6-тарауында көзделген талаптарға сәйкес қалыптастырылатын бірегей символдар комбинациясы;
- 11) қабылдау/беру актісі – сканерлеу, қолмен енгізу немесе ТТҚ АЖ Жеке кабинеттегі сәйкестендіру кодтары туралы мәліметтер файлынан жүктеу және/ немесе электронды өзара іс-қимыл интерфейсін қолданып осындай ақпаратты беру арқылы тауарлардың айналымы туралы мәліметтерді ТТҚ АЖ-ға беру мақсатында құрылған электрондық құжат;
- 12) қолдану коды – 2 (екі) немесе одан да көп белгіден тұратын, элементтік жолдың басында орналасқан және префикстен кейінгі деректер ашық жолының мақсаты мен форматын нақты айқындайтын префикс;
- 13) өндіруші – сату үшін темекі өнімдерін өндіретін жеке немесе заңды тұлға;
- 14) таңбаланған темекі өнімдері – осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып сәйкестендіру құралдары салынған және олар туралы мәліметтер (оның ішінде оларға түсірілген сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер) ТТҚ АЖ-да қамтылатын өнімдер;
- 15) таңбалау коды – осы Қағидалардың 6-тарауында көзделген талаптарға сәйкес темекі өнімдерінің тұтынушылық және топтық қаптамасын сәйкестендіру мақсаттары үшін Оператор қалыптастыратын тауарды сәйкестендіру кодының және тексеру кодының жиынтығы;
- 16) тапсырыстарды басқару станциясы (бұдан әрі – ТБС) – тауарлар айналымына қатысушыға тапсырыстармен жұмыс істеу үшін интерфейс ұсынатын серверлік қосымша. ТБС эмиссияға арналған тапсырмаларды басқаруға және таңбалау кодтарын салуға мүмкіндік береді. Айналымға қатысушылардың өтініші бойынша ТБС Оператор ұсынатын сервис ретінде қашықтықтан ұсынылады;
- 17) тауарды сәйкестендіру коды (тауардың бірегей сәйкестендіргіші) – тауардың әрбір жеке бірлігі (темекі өнімдерінің тұтыну және топтық қаптамасы) үшін бірегей тауар кодының (GTIN) және тауардың жеке сериялық нөмірінің комбинациясы;
- 18) тауардың жеке сериялық нөмірі – тауарлардың номенклатуралық тобы шеңберінде тауар бірлігін (темекі өнімдерінің тұтынушылық немесе топтық қаптамасын) бірегей сәйкестендіретін символдық бірізділік;

19) тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесі – тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау және айналым процесінде оларды одан әрі қадағалау процестерін ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында Оператор әзірлеген ақпараттық жүйе;

20) тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторы (бұдан әрі – Оператор) – "Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалауының бірыңғай операторын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 3 наурыздағы № 95 қаулысына сәйкес құрылған, Тауарлардың ұлттық каталогын әзірлеуді, жүргізуді және өзектендіруді қоса алғанда, тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесін әзірлеуді, әкімшілендіруді, сүйемелдеуді және пайдалануда қолдауды және Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 7-2-бабымен айқындаған өзге де функцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға;

21) тексеру коды – тауарды сәйкестендіру кодын криптографиялық өзгерту нәтижесінде Оператор қалыптастыратын және сәйкестендіру кодын бұрмалауды анықтауға мүмкіндік беретін символдардың дәйектілігі;

22) темекі өнімдері – шегу, сору, шайнау, иіскеу немесе тұтынудың өзге де тәсілдері үшін, оның ішінде СЭҚ ТН 2402209000, 2403999009, 2402201000, 2402900000, 2402100000, 2403110000, 2403191000, 3824999209 кодтары бойынша темекіні қыздыруға арналған жүйенің немесе кез келген өзге де аспаптың көмегімен пайдаланатындай етіп дайындалған шикізат ретінде темекі жапырағынан және (немесе) темекі өсімдігінің басқа да бөліктерінен толық немесе ішінара жасалған өнімдер;

23) темекі өнімдерін айналымнан шығару – "Бақылау-касса машиналарын қолданудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы №208 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16508 болып тіркелген) (бұдан әрі – бұйрық) сәйкес тіркелген, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасы арқылы таңбаланған темекі өнімдерін жеке тұлғаға жеке тұтыну үшін өткізу (сату), темекі өнімдерін алып қою (тәркілеу), кәдеге жарату, бүлдіру, жою, қайтарымсыз жоғалту, кері қайтарып алу, темекі өнімдерінің одан әрі айналымын тоқтатуды көздейтін, өз мұқтажы үшін пайдалану;

24) темекі өнімдерін сәйкестендіру құралы – темекі өнімдерінің тұтыну және топтық қаптамаларына салу үшін осы Қағидалардың 6-тарауында көзделген талаптарға сәйкес қалыптастырылатын екі өлшемді матрицалық штрих-код түрінде ұсынылған, машина оқитын нысанда темекі өнімдерін таңбалау коды;

25) темекі өнімдерінің айналымына қатысушылар (бұдан әрі – айналымға қатысушы) – Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, темекі өнімдерін айналымға енгізуді, айналымын және (немесе) айналымнан шығаруды жүзеге асыратын, заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар;

26) темекі өнімдерінің көліктік қаптамасы – темекі өнімдерін тасымалдау кезінде оны зақымданудан қорғау мақсатында сақтау және тасымалдау үшін пайдаланылатын және дербес көлік бірлігін құрайтын тұтыну және (немесе) топтық қаптамада қапталған , темекі өнімдерін біріктіретін қаптама. Көліктік қаптама мөлшері (көлемі) кіші көліктік қаптаманы қамтуы мүмкін;

27) темекі өнімдерінің топтық қаптамасы – тұтыну қаптамасының белгілі бір санын біріктіретін, қаптама;

28) темекі өнімдерінің тұтыну қаптамасы – темекі өнімдерін тұтынушы сатып алатын темекі өнімдері ең аз бірлігі;

29) ТТҚ АЖ-да қатысушылардың тізілімі – ТТҚ АЖ-да тіркелген айналымның қатысушылары болып табылатын тұлғалардың тізбесі;

30) фискалды деректер операторы – "Жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді жедел режимде беруді қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындау туралы " Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 205 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16468 болып тіркелген) сәйкес айқындалған заңды тұлға";

31) электрондық өзара іс-қимыл интерфейсі – айналымға қатысушылардың бағдарламалық-аппараттық құралдары мен ТТҚ АЖ өзара іс-қимыл тәсілдерінің сипаттамасы;

32) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы;

33) ASCII – (American standard code for information interchange) – баспа және баспалық емес символдарға сандық кодтар сәйкес келетін ақпаратты кодтау әдісі;

34) DataMatrix – мәтін немесе басқа түрдегі деректерді кодтауға арналған, төртбұрыш немесе шаршы түріндегі топта орналастырылған, шаршы нысанында салынған, қара-ақ элементтер немесе түрлі жарықтық дәрежесіндегі элементтерді білдіретін екі өлшемді матрицалық штрих код;

35) DataMatrix ECC200 –қателерді болдырмау және зақымданған ақпаратты қалпына келтіру технологиясын пайдаланатын, DataMatrix нұсқасы. ECC200 код 30 пайызға дейін зақымданған жағдайда, кодталған ақпараттың барлық дәйектілігін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Екі өлшемді штрих кодтың бұл нұсқасындақатенің болу жиілігі сканерленген таңбаның 10 миллионының 1-еуінен де аз;

36) GS1 – логистикалық бірліктерді есепке алуды стандарттау және штрих кодтау саласындағы халықаралық ұйым;

37) GS1-128 – кәсіпорындар арасында жүк туралы ақпаратты беруге арналған GS1 стандарттау жөніндегі жаһандық ұйымның штрих кодының форматы;

38) GS1-DataMatrix – стандартталған GS1 DataMatrix екі өлшемді матрицалық штрих кодын іске асыру;

39) GTIN (Global Trade Item Number) – GS1 жүйесінің стандарттарында белгіленген қағидаларға сәйкес, оны әлемдік экономикалық кеңістікте бір мәнді сәйкестендіру мақсатында GS1 ұлттық (өңірлік) ұйымы тауарлар тобына беретін жаһандық сәйкестендіру нөмірі. ТТҚ АЖ тауардың коды ретінде пайдаланылады.

2-тарау. Темекі өнімдерін сәйкестендіру құралдарымен таңбалану жүзеге асырылатын, айналымға қатысушылар

3. Өндіруші Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі өнімдерін осы Қағидалардың талаптарына сәйкес сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды жүзеге асырады.

Импорттаушы Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде өндірілген темекі өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелгенге дейін немесе темекі өнімдерін ішкі тұтыну үшін шығару немесе кері импорт кедендік рәсімдеріне орналастырғанға дейін таңбалауды қамтамасыз етеді.

4. "Таңбалауға жататын тауарлар тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 568 қаулысына (бұдан әрі – Қаулы) сәйкес белгіленген міндетті таңбалауды енгізу күніне таңбаланбаған темекі өнімдерінің қалдықтарын айналымға қатысушылар міндетті таңбалау енгізілген күннен бастап күнтізбелік бір жыл ішінде өткізуі тиіс.

3-тарау. Айналымға қатысушыларға қойылатын талаптар

5. Өндірушілерге қойылатын талаптар:

1) ЭЦҚ болуы;

2) темекі өнімдерінің қаптамасына сәйкестендіру құралдарын енгізуді қамтамасыз ететін жабдықтың болуы;

3) таңбалау кодтарын алу, таңбалау кодтарын пайдалану туралы мәліметтерді беру бөлігінде, сондай-ақ сәйкестендіру құралдарын енгізу, жарамсыз ету (болған жағдайда) және агрегациялау туралы ақпаратты, сондай-ақ ЭЦҚ қойылған ТТҚ АЖ таңбаланған темекі өнімдерінің айналымы туралы мәліметтерді кейін ТТҚ АЖ-ға жібере отырып, темекі өнімдерінің тұтыну және топтық қаптамаларына сәйкестендіру құралдарын енгізу туралы мәліметтерді Операторға автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін байланыс арналары бойынша ТТҚ АЖ-ға, БАК-ке қосылуды болуы;

Бұл ретте Қаулымен белгіленген міндетті таңбалауды енгізген мерзімге дейін Оператор айналымға қатысушылардан ТТҚ АЖ-мен ақпараттық өзара іс-қимылға

дайындығы туралы электрондық хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кеш емес мерзімде айналымға қатысушылардың БАК-пен ТТҚ АЖ ақпараттық өзара іс-қимылын тестілеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

4) ТБС-ға қол жеткізуді (ТБС-ға қол жеткізу үшін логин мен парольді Оператор айналымға қатысушының ТТҚ АЖ-да тіркелу нәтижелері бойынша айналымға қатысушыдан орнатуға және ТБС-ға қол жеткізуді алуға арналған электронды хабарлама келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде ұсынады) қамтамасыз ету;

Бұл ретте Оператор 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) 22, 23 және 24-тарауларына сәйкес өндіруші мен Оператор арасында жасалған шартқа сәйкес ТБС өндірушілерін жарақтандыруды, оның ішінде оларға өтеусіз негізде қызмет көрсетуді және техникалық қолдауды қамтамасыз етеді;

5) ЭЦҚ-мен куәландырылған, ТТҚ АЖ-да таңбаланған темекі өнімдерінің айналымы және (немесе) айналымнан шығару туралы мәліметтерді қалыптастыру және беруге мүмкіндігі бар БАК болуын қамтамасыз етеді.

6. Импорттаушыларға қойылатын талаптар:

1) ЭЦҚ болуы;

2) ТБС-ға қол жеткізуді (ТБС-ға қол жеткізу үшін логин мен парольді Оператор айналымға қатысушының ТТҚ АЖ-да тіркелу нәтижелері бойынша айналымға қатысушыдан Оператордың инфрақұрылымында орнатылған ТБС-ға қашықтықтан қол жеткізуді беруге арналған электронды хабарлама келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде ұсынады) қамтамасыз ету;

3) таңбалау кодтарын алу, таңбалау кодтарын пайдалану туралы мәліметтерді беру бөлігінде, сондай-ақ сәйкестендіру құралдарын енгізу, жарамсыз ету (болған жағдайда) және агрегациялау туралы ақпаратты, сондай-ақ ЭЦҚ қойылған ТТҚ АЖ таңбаланған темекі өнімдерінің айналымы туралы мәліметтерді кейін ТТҚ АЖ-ға жібере отырып, темекі өнімдерінің тұтыну және топтық қаптамаларына сәйкестендіру құралдарын енгізу туралы мәліметтерді Операторға автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін байланыс арналары бойынша ТТҚ АЖ-ға, БАК-ке қосылуды (мүмкіндік болған жағдайда) қамтамасыз етеді;

4) ЭЦҚ куәландырылған, ТТҚ АЖ-да таңбаланған темекі өнімдерін айналымға енгізу, айналымы және (немесе) айналымнан шығару туралы мәліметтерді қалыптастыру және беруге мүмкіндігі бар БАК болуын қамтамасыз етеді.

7. Көтерме сауданы жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын талаптар:

1) ЭЦҚ болуы;

2) ЭЦҚ қойылған, оның ішінде ТТҚ АЖ жеке кабинеті арқылы ТТҚ АЖ-да таңбаланған темекі өнімдерін айналымы және (немесе) айналымнан шығару туралы мәліметтерді қалыптастыру және беру мүмкіндігі бар БАК болуы.

8. Бөлшек сауданы жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын талаптар:

1) ЭЦҚ болуы;

2) ЭЦҚ қойылған, оның ішінде ТТҚ АЖ жеке кабинеті арқылы ТТҚ АЖ-да таңбаланған темекі өнімдерін айналымы және (немесе) айналымнан шығару туралы мәліметтерді қалыптастыру және беру мүмкіндігі бар БАК;

3) бұйрыққа сәйкес тіркелген, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасының болуы;

4) бақылау-касса машинасымен қосылған темекі өнімдерінің сәйкестендіру құралдарын сканерлеу және тану құралдарының болуы;

5) әрбір өткізілген бірлік бойынша бақылау-касса техникасын пайдалана отырып, таңбаланған темекі өнімдерін айналымнан шығару туралы мәліметтерді беру бойынша Азаматтық кодекстің 22, 23 және 24-тарауларына сәйкес фискалдық деректер операторымен жасалған шарттыңболуын болуы.

9. Өндірушілер мен импорттаушылар:

1) өзін тіркеуді, сондай-ақ темекі өнімдерін айналымға енгізумен және (немесе) олардың айналымымен байланысты қызметті жүзеге асыру қажеттілігі туындаған күннен бастап, осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес ТТҚ АЖ-да сәйкестендіру құралдарымен міндетті таңбалануға жататын темекі өнімдерін тіркеуді жүзеге асырады;

2) Операторға ТТҚ АЖ-да тіркелген күннен бастап күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде, орнатуға және ТБС-ға қол жеткізуді алуға (өндірушілер үшін) немесе Оператордың инфрақұрылымында орнатылған ТБС-ға қашықтықтан қол жеткізуді (импорттаушылар үшін) беруге арналған электронды хабарламаны жолдайды.

Бұл ретте Оператор көрсетілген хабарлама келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде ТБС-ға қол жеткізуді ұсынады;

3) ТТҚ АЖ-да тіркелген күннен бастап күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде, таңбалау кодтарын алу және таңбалау кодтарын пайдалану туралы мәліметтерді жіберу бөлігінде ТТҚ АЖ-мен ақпараттық өзара іс-қимылға БАК-тің дайын болуы қамтамасыз етеді және Операторға осындай ақпараттық өзара іс-қимылды тестілеуден өтуге электрондық хабарлама жібереді;

4) Оператордың интернет-ресурсында жарияланған электрондық өзара іс-қимыл интерфейсіне қойылатын талаптарға сәйкес осындай ақпараттық өзара іс-қимылға БАК дайын болған күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) ай ішінде ТТҚ АЖ-мен БАК ақпараттық өзара іс-қимыл тестілеуінен өтеді;

5) нақты уақыт режимінде осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес темекі өнімдерін таңбалау, сондай-ақ айналымға енгізу, олардың айналымы және айналымнан шығару туралы мәліметтерді ТТҚ АЖ-ға енгізеді.

10. Темекі өнімдерін көтерме сатуды жүзеге асыратын айналымға қатысушылар:

1) темекі өнімдерін өндірушілерден және (немесе) импорттаушылардан сатып алумен байланысты қызметті жүзеге асыру қажеттілігі немесе осындай өнімдердің айналымымен байланысты қызметті жүзеге асыру қажеттілігі туындаған күннен бастап осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес ТТҚ АЖ-да өзінің тіркелуін жүзеге асырады;

2) ТТҚ АЖ-да тіркелген күннен бастап күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде Оператордың интернет-ресурсында жарияланған электрондық өзара іс-қимыл интерфейсіне қойылатын талаптарға сәйкес ТТҚ АЖ-мен ақпараттық өзара іс-қимылға БАК-нің дайын болуын қамтамасыз етеді;

3) нақты уақыт режимінде осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес темекі өнімдерінің айналымы және (немесе) оларды айналымнан шығару туралы мәліметтерді ТТҚ АЖ-ға енгізеді.

11. Темекі өнімдерін бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын айналымға қатысушылар:

1) темекі өнімдерін бөлшек саудада өткізумен байланысты қызметті жүзеге асыру қажеттілігі туындаған күннен бастап ТТҚ АЖ-да өзін тіркеуді жүзеге асырады;

2) ТТҚ АЖ-да тіркелген күннен бастап күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде Оператордың интернет-ресурсында жарияланған электрондық өзара іс-қимыл интерфейсіне қойылатын талаптарға сәйкес ТТҚ АЖ-мен ақпараттық өзара іс-қимылға БАК-нің (болған кезде) дайын болуын қамтамасыз етеді;

3) ТТҚ АЖ-да тіркелген күннен бастап күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде DataMatrix екі өлшемді кодын оқу мүмкіндігіне сәйкестендіру құралдарын сканерлеу және тану құралдарын тексеруді жүргізеді;

4) осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес осы Қағидалардың 57-тармағында көрсетілгеннен өзгеше себептер бойынша темекі өнімдерін айналымнан шығару туралы мәліметтерді ТТҚ АЖ-ға енгізеді.

4-тарау. Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесінде айналымға қатысушыларды тіркеу

12. Айналымға қатысушыларды ТТҚ АЖ-да тіркеуді және оларға жеке кабинетке қол жеткізуді Оператор бірінші басшының немесе дара кәсіпкердің ЭЦҚ қойылған мынадай мәліметтерді ұсыну негізінде жүзеге асырады:

1) айналымға қатысушының типі (өндіруші, импорттаушы, көтерме сауданы немесе бөлшек сауданы ұйымдастыру);

2) ЖСН немесе БСН;

3) ұйымның атауы;

4) бірінші басшының не оның ресми өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

5) айналымға қатысушының электрондық поштасының мекенжайы;

6) байланыс телефон нөмірі.

13. Мынадай:

1) ЭЦҚ алу кезінде көрсетілген ұйымның ЖСН немесе БСН ТТҚ АЖ-да тіркеу кезінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмеген;

2) айналымға қатысушы ТТҚ АЖ-да тіркелген жағдайларда айналымға қатысушыны ТТҚ АЖ-да тіркеуден бас тартылады.

14. Айналымға қатысушыны ТТҚ АЖ-да тіркеу нәтижелері бойынша Оператор 24 сағат ішінде:

1) тіркеу туралы ақпаратты тіркеу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жібереді;

2) ТТҚ АЖ-не қатысушылар тізіліміне қосады;

3) ТТҚ АЖ-не қатысушылар тізіліміне енгізілгеннен кейін жеке кабинетке кіруге рұқсат береді.

15. Айналымға қатысушы ЭЦҚ арқылы жеке кабинетте авторланады және қажет болған жағдайда айналымға қатысушының атынан мәліметтерді ТТҚ АЖ-ға беруге және сұратуға құқығы бар уәкілетті тұлғалар туралы ақпаратты қосады.

Мұндай құқық берілген уәкілетті тұлғалар ЭЦҚ арқылы жеке кабинетте авторланады.

5-тарау. Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесінде темекі өнімдерін тіркеу

16. ТТҚ АЖ-да темекі өнімдерін тіркеуді:

1) темекі өнімдерін өндірушілер – келісімшарттық өндіріс шеңберінде темекі өнімдерін өндірушінің тапсырысы бойынша үшінші тұлғалар өндіретін темекі өнімдерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында темекі өнімдерін өндірген жағдайда;

2) импорттаушы – Қазақстан Республикасының аумағына темекі өнімдерін әкелген жағдайда жүзеге асырады.

17. ТТҚ АЖ-да темекі өнімдерін тіркеу үшін айналымға қатысушы ТТҚ АЖ-да кем дегенде мынадай мәліметтерді:

1) өтініш берушінің ЖСН немесе БСН;

2) темекі өнімінің түрі;

3) тауар кодын (GTIN);

4) сауда атауын;

5) өндірген елді;

6) ЕАЭО СЭҚ ТН кодын;

7) темекі өнімдері қаптамасының типін;

- 8) тұтыну қаптамасындағы өнім бірлігінің саны;
- 9) тұтыну қаптамасындағы өнімнің өлшем бірлігін;
- 10) топтық қаптамадағы тұтыну қаптамасының санын (топтық қаптамалар үшін);
- 11) көліктік қаптамадағы топтық қаптамалардың санын (көліктік қаптамалар үшін);
- 12) тауардың тұтынушылық сипаттамасы;
- 13) рұқсат беру қағаздары туралы ақпарат (болған кезде).

18. Айналымға қатысушыға мынадай:

1) тауардың осындай кодымен (GTIN) темекі өнімдері ТТҚ АЖ-да тіркелген;

2) GS1 Kazakhstan ақпараттық ресурсының деректері бойынша тауар кодын (GTIN) айналымға қатысушы қолданылмауы керек жағдайларда темекі өнімдерін ТТҚ АЖ-да тіркеуден бас тартылады.

19. Темекі өнімдерін тіркеу нәтижелері бойынша Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған мәліметтерді тауарлар тізіліміне енгізеді және айналымға қатысушыға ТТҚ АЖ-да тауарларды тіркеу туралы ақпаратты жолдайды.

6-тарау. Темекі өнімдерін сәйкестендіру құралының сипаттамасы

20. Темекі өнімдерін сәйкестендіру құралы темекі өнімдерінің тұтыну және топтық қаптамасына екі өлшемді матрицалық штрих код түрінде салынады.

Темекі өнімдерінің тұтыну және топтық қаптамаларына сәйкестендіру құралдарын салу сапасына қойылатын талаптар:

ECC-200 қателерін түзету әдісін қолдану арқылы мөрмен салу;

ASCII кодтауды қолдану болып табылады.

21. Темекі өнімдерінің тұтыну қаптамасын сәйкестендіру құралында үш деректер тобын қамтитын таңбалау коды болады, оның ішінде алғашқы екі деректер тобы тұтыну қаптамасын сәйкестендіру кодын құрайды, бұл ретте:

бірінші топ он төрт саннан тұрады және тұтыну қаптамасының тауар кодын (GTIN) қамтиды (бірінші сан 0 және қалған он үш сан – GTIN коды);

екінші топ жеті символдан тұрады (цифр, латын әліпбиінің кіші және бас әріптері, сондай-ақ арнайы символдар) және тұтыну қаптамасының жеке сериялық нөмірін қамтиды;

үшінші топ сегіз символдан тұрады (цифр, латын әліпбиінің кіші және бас әріптері, сондай-ақ арнайы символдар) және тексеру кодын қамтиды.

Тұтыну қаптамасын сәйкестендіру құралы DataMatrix форматында екі өлшемді штрих код түрінде ұсынылады.

22. Темекі өнімдерінің топтық қаптамасын сәйкестендіру құралы үш міндетті деректер тобы қамтылған таңбалау кодын қамтиды, оның ішінде алғашқы екі деректер тобын топтық қаптаманы сәйкестендіру коды, сондай-ақ темекі өнімдерін өндірушінің қалауы бойынша енгізілетін қосымша деректер топтарының ерікті саны құрайды.

Міндетті деректер топтары GS1 халықаралық стандарттарында көзделген мынадай атрибуттармен сәйкестендіріледі:

міндетті деректердің бірінші тобы 01 қолдану кодымен сәйкестендіріледі және 14 (он төрт) цифрдан тұратын топтық қаптаманың тауар кодын (GTIN) қамтиды;

міндетті деректердің екінші тобы 21 қолдану кодымен сәйкестендіріледі және жеті символдан тұратын топтық қаптаманың жеке сериялық нөмірін қамтиды;

міндетті деректердің үшінші тобы 93 қолдану кодымен сәйкестендіріледі және сегіз символдан тұратын тексеру кодын қамтиды.

Топтық қаптаманы сәйкестендіру құралы GS1-DataMatrix форматында екі өлшемді штрих код түрінде ұсынылады.

23. Көліктік қаптаманы сәйкестендіру кодын айналымға қатысушы GS1-128 халықаралық стандартына сәйкес келетін бір өлшемді штрих код немесе DataMatrix форматында екі өлшемді штрих код түрінде ұсынады. Көліктік қаптаманы сәйкестендіру кодының құрамын көліктік қаптамада темекі өнімдерін агрегациялауды жүзеге асыратын айналымға қатысушы айқындайды.

24. Штрих код форматындағы сәйкестендіру құралдары мынадай талаптарға жауап береді:

1) тұтыну және топтық қаптама үшін көлемі 0,254 миллиметрден кем емес модуль қолданылады;

2) 10 000-ның бірінен аз сәйкестендіру құралдарын іріктеу арқылы қолдан жасау ықтималдығы;

3) қателерді тану және түзету функциясы DataMatrix ECC200-ге қарағанда баламалы немесе жоғары.

25. ТТҚ АЖ темекі өнімдерінің қаптамасына салынған сәйкестендіру құралындағы таңбалау кодын қайта қалыптастыруға (генерациялауға) жол бермейді.

7-тарау. Сәйкестендіру құралдарын қалыптастыру тәртібі

26. Темекі өнімдерін сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды қамтамасыз ету үшін айналымға қатысушы Операторға ТТҚ АЖ арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таңбалау кодтарын алуға сұрау салуды (бұдан әрі—сұрау салу) жолдайды.

Таңбалау кодтарын беруден мынадай:

1) айналымға қатысушы ТТҚ АЖ-да тіркелмеген;

2) ұсынылған сәйкестендіру коды бұрын ТТҚ АЖ-да тіркелген;

3) тауар коды Тауарлар тізілімінде тіркелмеген жағдайларда бас тартылады.

27. ТТҚ АЖ-да сұрау салу тіркелген сәттен бастап 4 (төрт) сағат ішінде Оператор:

1) айналымға қатысушыдан алынған деректер негізінде криптографиялық қорғау алгоритмдерін қолдана отырып, сұрау салуда көрсетілген таңбалау кодтарының санын эмиссияны жүзеге асырады (генерациялайды);

2) сәйкестендіру құралдарының тізіліміне тиісті сәйкестендіру кодтарын қосады;

3) айналымға қатысушыға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таңбалаудың эмиссияланған кодтарының құрамы туралы мәліметтер береді.

28. Айналымға қатысушы таңбалау кодтарын алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей оларды сәйкестендіру құралдарына өзгертеді, оларды темекі өнімдерінің қаптамасына түсіруді қамтамасыз етеді және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларға салынған сәйкестендіру құралдарында қамтылған сәйкестендіру кодтары туралы ақпаратты ТТҚ АЖ-ға береді.

Айналымға қатысушысы алған және осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес берілген таңбалау кодтарын енгізу туралы ақпаратқа енгізілмеген сәйкестендіру кодтарын қамтитын таңбалау кодтарының күші жойылады.

29. Таңбалау кодын ұсыну жөніндегі қызметті айналымға қатысушы темекі өнімдеріне тиісті таңбалау кодын қайта құрылған сәйкестендіру құралдарын енгізу туралы мәліметтерді ТТҚ АЖ-ға енгізгенге дейін Азаматтық кодекстің 22, 25 және 24-тарауларына сәйкес Оператормен жасалған шарт негізінде төлейді.

Таңбалау кодын ұсыну жөніндегі қызмет осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес берілген темекі өнімдеріне сәйкестендіру құралдарын енгізу туралы ақпаратта қамтылған мәліметтерді ТТҚ АЖ-да тіркеу сәтінде Оператор көрсетті деп танылады.

30. Сәйкестендіру құралдарын енгізу туралы мәліметтерді тіркеуден мынадай:

1) сәйкестендіру құралдарын енгізу туралы ақпаратта көрсетілген сәйкестендіру кодтары ТТҚ АЖ сәйкестендіру құралдарының тізілімінде болмаған;

2) сәйкестендіру кодтары туралы мәліметтер осы Қағидалардың 28-тармағында көзделген талаптарды бұза отырып ұсынылған;

3) айналымға қатысушы енгізу туралы ақпаратты ТТҚ АЖ-ға беретін, сәйкестендіру құралдарында қайта құрылған, таңбалау кодтарының төленгенін растау болмаған жағдайларда бас тартылады.

8-тарау. Сәйкестендіру құралдарын салу тәртібі

31. Қазақстан Республикасының аумағында темекі өнімдерін өндірген жағдайда тұтыну және топтық қаптамаларға сәйкестендіру құралдарын енгізу осындай өнімдерді өндіру немесе сақтау орындарында, ал әкелген жағдайда – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын немесе ЕАЭО кедендік аумағын іс жүзінде кесіп өткенге дейін ішкі тұтыну немесе кері импорт үшін тауарлар шығарылғанға дейін немесе осы Қағаданың 3 тармағаның екінші бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

32. Сәйкестендіру құралы тұтыну қаптамасына сәйкестендіру құралдарын тұтыну қаптамасынан бөлуге және басқа ақпаратпен жабуға жол бермейтін әдіспен салынады.

Сәйкестендіру құралдарын мөлдір орау пленкасына немесе қандай да бір басқа сыртқы орау материалына салуға тыйым салынады.

Бұл ретте сәйкестендіру құралы техникалық реттеу туралы заңнаманың талаптарына сәйкес тұтыну қаптамасына салынған ақпараттың тұтастығы бұзылмайтындай етіп орналастырылады.

9-тарау. Темекі өнімдерін агрегаттау тәртібі

33. Темекі өнімдерінің тұтыну қаптамасын топтық қаптамаға агрегаттағаннан кейін айналымның келесі қатысушысына агрегаттаған қаптаманы бергенге дейін айналымға қатысушы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТТҚ АЖ-да тұтыну қаптамаларын агрегаттау туралы ақпаратты ұсынады.

34. Тұтыну қаптамаларын топтық қаптамаға агрегаттау туралы ақпарат агрегатталған қаптаманы келесі айналымға қатысушыға бергенге дейін көліктік қаптамаға қаптаманы агрегаттау туралы ақпаратпен бір мезгілде беріледі.

35. Темекі өнімдерін қаптамаларын көліктік қаптамада агрегаттаудан кейін агрегатталған қаптаманы келесі айналымға қатысушыға бергенге дейін айналымға қатысушы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТТҚ АЖ-да қаптамаларды агрегаттау туралы ақпаратты ұсынады.

36. Айналымға қатысушы топтық немесе көліктік қаптамадағы темекі өнімдерінің бір бөлігінің айналымы немесе айналымнан шығарылуы туралы мәліметтерді ТТҚ АЖ-ға ұсынған жағдайда, ТТҚ АЖ-да қаптамадан алынған өнімдер бар неғұрлым жоғары деңгейдегі салынымның барлық қаптамаларын қайта қалыптастыру тіркеледі.

37. Топтық және (немесе) көліктік қаптамаларды басқа көліктік қаптамаларға қайта салған жағдайда, темекі өнімдерін агрегаттау туралы мәліметтерді ТТҚ АЖ-ға ұсыну осы Қағидалардың 33, 34 және 35-тармақтарында көзделген реттілікпен жүзеге асырылады.

38. Оператор осы тарауда көзделген көлік қаптамасын агрегаттау немесе құрамының өзгеруі туралы мәліметтерді алғаннан кейін олардың сәйкестендіру құралдарының тізілімінде көрсетілуін, сондай-ақ осы ақпаратқа айналымға қатысушылардың ТТҚ АЖ-да қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

39. 1 (бір) есепті кезең шеңберінде (ай) барлық өндірілген темекі өнімдері бойынша тұтыну және топтық қаптамаларды агрегаттаудың орташа тиімділігі:

2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін – 95 пайыздан төмен емес;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 99 пайыздан төмен емес.

Бұл ретте сәйкестендіру коды туралы мәліметтердің топтық қаптаманың ішінде екі агрегатталған тұтыну қаптамасынан аспайтын және көліктік қаптаманың ішінде екі топтық қаптамадан аспайтын болуына жол беріледі.

Бұл жағдайда агрегаттауды жүзеге асырған айналымға қатысушы агрегаттау күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде агрегаттау кезінде ТТҚ АЖ-ға берілмеген тұтыну қаптамасын сәйкестендіру кодтары немесе топтық қаптаманы сәйкестендіру кодтары туралы мәліметтерді ТТҚ АЖ-ға береді.

Бұл ретте Оператор көрсетілген сәйкестендіру кодтары туралы мәліметтерді ТТҚ АЖ сәйкестендіру құралдарының тізіліміне уақытша қадағаланбайтын туралы ретінде енгізеді.

40. Топтық қаптаманы немесе көліктік қаптаманы таратқаннан және айналымға қатысушы көтерме немесе бөлшек сауда ұйымының көрсетілген тұтыну қаптамасын немесе топтық қаптаманы сату (беру) туралы мәліметтерін ТТҚ АЖ-ға бергеннен кейін Оператор тауар айналымының тиісті фактісінен өзге ТТҚ АЖ сәйкестендіру құралдары тізілімінде көрсетілген қаптаманы қадағалауды қалпына келтіру фактін көрсетеді.

10-тарау. Темекі өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында айналымға енгізген кезде Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесіне мәліметтерді ұсыну тәртібі

41. Темекі өнімдерін:

1) Қазақстан Республикасының аумағында темекі өнімдерін өндіру кезінде – өндірушіден осындай адамға иеліктен шығару мақсатында немесе кейіннен өткізу үшін оларды тарату және (немесе) пайдалану үшін қолжетімді ететін жаңа меншік иесіне не өзге де тұлғаға бастапқы өтеулі немесе тауарды өтеусіз беру;

2) ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан темекі өнімдерін әкелу кезінде – ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасына тауарларды әкелу туралы хабарламада импорттаушы мәлімдеген сәйкестендіру кодтарын растау туралы мәліметтерді ТТҚ АЖ-ға жіберу нәтижелері бойынша әкелінген тауарды есепке алу;

3) ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан темекі өнімдерін әкелу кезінде – ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасына темекі өнімдерін әкелу туралы хабарламада импорттаушы мәлімдеген сәйкестендіру кодтарын растау туралы мәліметтерді ТТҚ АЖ-ға жіберу нәтижелері бойынша кеден органдарының темекі өнімдерін ішкі тұтыну үшін шығаруы Қазақстан Республикасының аумағында айналымға енгізу болып табылады.

42. ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасына темекі өнімдерін әкелуді жүзеге асыратын айналымға қатысушылар осы Қағидаларға 5-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасына темекі өнімдерін әкелу туралы хабарламаны қалыптастырады, оған ЭЦҚ-мен қол қояды және тіркеу нөмірін алу үшін ТТҚ АЖ-не жібереді.

43. ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасына темекі өнімдерін әкелуді жүзеге асыратын айналымға қатысушылар кеден органдары ішкі тұтыну үшін шығарғаннан кейін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасына темекі өнімдерін әкелу туралы хабарламаны қалыптастырады, оған ЭЦҚ-мен қол қояды және тіркеу нөмірін алу үшін ТТҚ АЖ-не жібереді.

44. Қазақстан Республикасына темекі өнімдерін әкелу туралы хабарлама Оператордың интернет-ресурсында ТТҚ АЖ-де техникалық қателер себебінен ТТҚ АЖ-де хабарламаны ресімдеудің мүмкін болмауы туралы ақпарат расталған кезде айналымға қатысушының қағаз жеткізгіште хабарламаны ресімдеуге құқылы болған жағдайды қоспағанда, электрондық нысанда ресімделеді.

Техникалық қателер жойылғаннан кейін бұрын қағаз жеткізгіште ресімделген Қазақстан Республикасына темекі өнімдерін әкелу туралы хабарламаны импорттаушы ТТҚ АЖ-да техникалық қателер жойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде, бірақ тауар үшінші тұлғаға берілген күннен кешіктірмей ТТҚ АЖ-ға енгізуге тиіс.

11-тарау. Қазақстан Республикасының аумағында темекі өнімдерінің айналымы кезінде ТТҚ АЖ-ға мәліметтерді ұсыну тәртібі

45. Қаулымен белгіленген сәйкестендіру құралдарымен темекі өнімдерін міндетті таңбалау енгізілген күннен кейін Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және (немесе) әкелінген темекі өнімдерінің айналымына оларды өткізу туралы мәліметтер ТТҚ АЖ-ға берілген жағдайда ғана жол беріледі.

46. Темекі өнімдерін өткізу кезінде айналымға қатысушы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қабылдау/беру актісін қалыптастырады, оған ЭЦҚ-мен қол қояды және темекі өнімдерін өткізу күнінен кешіктірмей тіркеу нөмірін алу үшін ТТҚ АЖ-ға жібереді.

47. Оператор ТТҚ АЖ-да Қабылдау/беру актісін тіркеу нәтижелері бойынша нақты уақыт режимінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелеріне осы Акт бойынша мәліметтерді, оның ішінде берілетін тауардың саны бойынша ақпаратты береді.

48. Темекі өнімдерін қабылдауды айналымға қатысушы ЭЦҚ қол қоятын және ТТҚ АЖ-ға берілетін тауарды нақты қабылдау кезінде Қабылдау/беру актісі бойынша жүзеге асырады.

49. Айналымның екі қатысушыдан ЭЦҚ қойылған қабылдау/беру актісін алған кезде Оператор Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелеріне тауарларды қабылдау туралы мәліметтерді береді.

50. Темекі өнімдерін қабылдау кезінде алшақтықтар анықталған жағдайда, айналымға қатысушы, алушы анықталған алшақтықтар туралы хабарлама қалыптастырады және бұрын жөнелтілген Қабылдау/беру актісіне тиісті өзгерістер енгізу үшін оны тиіп жөнелтуді жүзеге асырған айналымға қатысушыға жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, қажет болған кезде жөнелтуші ТТҚ АЖ-да тіркелген күннен кейін бес жұмыс күні ішінде, бірақ жаңасын ресімдемей, алушы растаған сәтке дейін Қабылдау/беру актісін кері қайтарып алады.

51. Анықталған алшақтықтар туралы хабарлама мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) жеткізушінің ЖСН немесе БСН;
- 2) алушының ЖСН немесе БСН;
- 3) темекі өнімдерінің қабылданған орамалардағы сәйкестендіру кодтарының тізімі;
- 4) Қабылдау/беру актісінде мәліметтері жоқ (бар болса) темекі өнімдерінің орамаларындағы сәйкестендіру кодтарының тізімі;
- 5) қабылдау/беру актісінің деректемелері.

52. Қабылдау/беру актісі Оператордың интернет-ресурсында ТТҚ АЖ-де техникалық қателер себебінен ТТҚ АЖ-де Қабылдау/беру актісін ресімдеудің мүмкін болмауы туралы ақпарат расталған кезде айналымға қатысушының қағаз жеткізгіште Қабылдау/беру актісін ресімдеуге құқылы болған жағдайды қоспағанда, электрондық нысанда ресімделеді.

Техникалық қателер жойылғаннан кейін бұрын қағаз жеткізгіште ресімделген Қабылдау/беру актісін өнім беруші ТТҚ АЖ-да техникалық қателер жойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күн ішінде, бірақ тауар үшінші тұлғаға берілген күннен кешіктірмей ТТҚ АЖ-ға енгізуге тиіс.

53. Жөнелтуші Қабылдау/беру актісін кері қайтарып алған жағдайда, Оператор ЭШФ АЖ-ға кері қайтарып алу туралы мәліметтерді береді.

54. ТТҚ АЖ-да таңбалау кодтарының меншік иесін ауыстыру ТТҚ АЖ-да Қабылдау/беру актісінен расталған мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

12-тарау. Темекі өнімдерін айналымнан шығару кезінде ТТҚ АЖ-ға мәліметтерді ұсыну тәртібі

55. Осындай бұйымдарды бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын айналымға қатысушы бұйрыққа сәйкес тіркелген, өзінде орнатылған бақылау-касса машинасымен ұштасқан, сатылатын өнімнің қаптамасына техникалық құралдармен басылған сәйкестендіру құралын сканерлеу және тану арқылы оларды айналымнан шығаруды

жүзеге асырады. Тауарға түсірілген сәйкестендіру құралындағы сәйкестендіру коды туралы мәліметтер бақылау-касса машинасы қалыптастыратын "кассалық чек" фискалдық құжатына енгізіледі және Фискалдық деректер операторына беріледі.

56. Фискалдық деректер операторы Азаматтық кодекстің 22, 25 және 24-тарауларына сәйкес Оператормен жасалған шарт негізінде мынадай мәліметтерді қамтитын әрбір өткізілген тауар бірлігі бойынша ТТҚ АЖ-ға нақты уақыт режимінде мәліметтерді беруді жүзеге асырады:

- 1) сатушының ЖСН немесе БСН;
- 2) бақылау-касса машинасының тіркеу нөмірі;
- 3) фискалдық құжаттың деректемелері (чектің нөмірі мен күні);
- 4) өткізу күні мен бағасы;
- 5) тауарға түсірілген сәйкестендіру құралындағы тауарды сәйкестендіру коды.

57. ТТҚ АЖ-да темекі өнімдерінің айналымнан шығару Фискалдық деректер операторынан алынған, осы Қағидалардың 56-тармағында көрсетілген мәліметтер негізінде бөлшек саудада сату кезінде жүзеге асырылады.

58. Темекі өнімдерін бөлшек саудада сату болып табылмайтын негіздер бойынша айналымнан шығарған кезде осы өнімді айналымнан шығаруды жүзеге асыратын айналымға қатысушы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша темекі өнімдерін айналымнан шығару туралы ақпаратты ТТҚ АЖ-ға ұсынады.

13-тарау. Темекі өнімдерін қайта айналымға енгізген кезде ТТҚ АЖ-ға мәліметтерді ұсыну тәртібі

59. Темекі өнімдерін қайтарған кезде айналым қатысушы мұндай тауарларды одан әрі өткізу үшін айналымға қайта енгізуді орындайды.

60. Бұрын бөлшек сауда кезінде айналымнан шығарылған темекі өнімдерін айналымға қайта енгізу үшін айналымға қатысушы әрбір қалпына келтірілетін бірлік бойынша енгізуді жүзеге асырады. Бұл ретте айналымға қатысушының тапсырмасы бойынша Фискалдық деректер операторы нақты уақыт режимінде ТТҚ АЖ-да айналымға қайта енгізу туралы ақпаратты беруді жүзеге асырады.

61. Осы Қағидалардың 57-тармағында көрсетілгеннен өзгеше себептер бойынша бұрын айналымнан шығарылған темекі өнімдерін айналымға қайта енгізу үшін айналымға қатысушы Операторға осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды айналымға қайта енгізу туралы ақпаратты жібереді.

62. Ақпарат операторға темекі өнімдерін айналымға қайта енгізу үшін негіздер туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жіберіледі.

14-тарау. ТТҚ АЖ-дегі мәліметтерге өзгерістер енгізу тәртібі

63. Осы Қағидалардың 4, 5, 10 және 11-тарауларында көзделген мәліметтер өзгерген жағдайда, айналымға қатысушы өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ТТҚ АЖ арқылы Операторға осы мәліметтердің өзгергені туралы ақпарат жібереді.

64. Операторға бұрын ұсынылған бөлшек саудада сату болып табылмайтын темекі өнімдерін айналымнан шығару туралы мәліметтерді жою немесе түзету үшін айналымға қатысушы Операторға деректемелерін көрсете отырып, бұрын жіберілген мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат жібереді және қажет болған жағдайда осы Қағидалардың 58-тармағында көрсетілген ақпаратты қамтитын жаңа мәліметтерді ұсынады.

65. Уәкілетті мемлекеттік орган мәліметтерді өзгерту туралы ақпаратты жіберген айналымға қатысушының қызметіне тексеру жүргізу кезеңінде айналымға қатысушы ТТҚ АЖ-ға бұрын жіберген темекі өнімдерін айналымға енгізу, айналымы және оны айналымнан шығару туралы мәліметтерге ТТҚ АЖ-де өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

15-тарау. Айналымға қатысушылардың Операторға ақпаратты беру тәртібі

66. Айналымға қатысушылардың ТТҚ АЖ операторына ақпарат беруі деректерді берудің стандартты хаттамаларын және Оператор әзірлеген электрондық өзара іс-қимыл интерфейстерін пайдалана отырып не ТТҚ АЖ жеке кабинеті арқылы жүзеге асырылады.

67. Айналымға қатысушылар ТТҚ АЖ-ға жіберетін мәліметтерге айналымға қатысушының мынадай:

бұйрығына сәйкес фискалдық құжаттар құрамында электрондық нысанда айналымға қатысушылар беретін темекі өнімдерін бөлшек саудада сату туралы;

айналымға қатысушының темекі өнімдерін өндіру орындарында орнатылған ТБС пайдалана отырып, электрондық нысанда беретін мәліметтерін беру жағдайларын қоспағанда, ЭЦҚ-мен қол қойылады.

68. Темекі өнімдерін айналымға енгізуді, айналымын және айналымнан шығаруды жүзеге асыру кезінде ТТҚ АЖ-да мәліметтерді ұсынуды айналымға қатысушы дәйекті түрде жүзеге асырады.

Айналымға қатысушының топтық (көліктік) қаптама туралы мәліметтерді беруі ТТҚ АЖ деректері бойынша осы топтық (көліктік) қаптамадағы тұтынушылық (топтық) қаптамалар туралы мәліметтерді тең мәнді беру болып саналады.

69. Айналымға қатысушылардың ТТҚ АЖ-да жіберетін барлық құжаттары мен мәліметтері ТТҚ АЖ-да көрсетілуі тиіс.

70. Оператор мынадай негіздердің бірі болған кезде:

1) ұсынылған ақпарат осы Қағидаларда көзделген дұрыс емес мәліметтерді қамтыған;

2) мәліметтерге ЭЦҚ-мен қол қойылмаған немесе айналымға қатысушының атынан оларға қол қою өкілеттігі жоқ тұлға қол қойған жағдайда айналымға қатысушылар ұсынатын мәліметтерді ТТҚ АЖ-де қабылдаудан бас тартады.

71. Айналымға қатысушы ТТҚ АЖ-не жеке кабинет арқылы көрсетілген мәліметтерді қабылдау күні және ТТҚ АЖ-не мәліметтерді енгізу немесе оларды енгізуден бас тарту себептері туралы ақпаратты қамтитын хабарламаны (түбіртек) жіберу арқылы ұсынылған мәліметтерді алғаны және олардың ТТҚ АЖ-не енгізілгені туралы туралы хабардар етіледі.

72. Мәліметтерді қабылдау туралы түбіртекте тіркелген күн ТТҚ АЖ-да мәліметтерді ұсыну күні болып танылады.

Айналымға қатысушының ТТҚ АЖ-да мәліметтерді ұсыну жөніндегі міндеттерді орындау фактісі ТТҚ АЖ-ға мәліметтерді енгізу туралы түбіртекпен расталады.

Көрсетілген хабарламалар (түбіртектер) ТТҚ АЖ-да автоматты түрде қалыптастырылады және берілген мәліметтерді ТТҚ АЖ-де тіркеген кезде айналымға қатысушыға электрондық түрде жіберіледі.

73. ТТҚ АЖ-ға жіберілетін мәліметтердің толықтығы, дұрыстығы және уақтылығы үшін ақпаратты ұсынатын айналымға қатысушылар жауаптылықта болады.

74. Темекі өнімдерінің айналымын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында
Оператор:

- 1) айналымға қатысушылар туралы;
- 2) міндетті таңбалануға жататын темекі өнімдері туралы;
- 3) темекі өнімдеріне қажапсырылған сәйкестендіру құралдары туралы;
- 4) осы тауарларды тұтынушылар анықтаған міндетті таңбалау туралы талаптарды бұзушылықтар туралы;
- 5) айналымға қатысушыларға берілген сәйкестендіру кодтары туралы;
- 6) таңбаланған темекі өнімдерінің айналымы және оларды айналымнан шығару туралы мәліметтердің ТТҚ АЖ-да болуын қамтамасыз етеді.

75. Оператор ТТҚ АЖ шеңберінде мынадай тізілімдерді жүргізуді:

- 1) құжаттар тізілімін;
- 2) ТТҚ АЖ-ге қатысушылардың тізілімін;
- 3) тауарлар айналымына қатысушылардың уәкілетті тұлғаларының тізілімін;
- 4) тауарлар тізілімін;
- 5) сәйкестендіру құралдарының тізілімін;
- 6) анықталған бұзушылықтар тізілімін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

16-тарау. ТТҚ АЖ-да орналастырылған ақпаратқа қол жеткізу

76. Оператор еркін пайдалану үшін "Интернет" желісінде мынадай:

1) сәйкестендіру құралын оқу;

2) ТТҚ АЖ-да сәйкестендіру құралында қамтылған ақпаратты беру;

3) ТТҚ АЖ-дан темекі өнімдерінің атауы, өндірілген елі, өндіруші немесе импорттаушы, ағымдағы (соңғы) иесі, мәртебесі (сәйкестендіру құралдары) туралы мәліметтерді қоса алғанда, тексерілетін темекі өнімдері туралы мәліметтерді алу, сондай-ақ осы ақпаратты электрондық құрылғы экранында көрсету;

4) мобильді қосымшаны пайдаланушылардың ТТҚ АЖ-ға таңбалау тәртібінің ықтимал бұзушылықтары туралы мәліметтерді жіберу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін тегін мобильді қосымшаны әзірлейді және орналастырады.

77. ТТҚ АЖ-да қамтылған ақпаратқа қол жеткізу "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы және "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұсынылады.

Темекі өнімдерін таңбалау және
қадағалау қағидаларына
I-қосымша
нысан

Таңбалау кодтарын алуға сұрау салу

Айналымға қатысушы туралы ақпарат:

1. ЖСН немесе БСН _____

2. Ұйымның атауы _____

3. Жалпы деректер:

Өндірістік тапсырыс нөмірі _____ (міндетті емес)

4. Өндіріс деректерді:

Өндірістің сәйкестендіргіші (Орналасқан жердің жаһандық нөмірі) _____

Өндіріс атауы _____ (міндетті емес)

Өндіріс мекенжайы _____ (міндетті емес)

Өндіруші ел _____

Өндірістік желінің сәйкестендіргіші _____

Осы тапсырыс бойынша өнім өндірудің басталу күні _____ (міндетті емес)

5. Таңбалауға арналған өнімдер тізімі:

№	Тауардың коды ¹	Таңбалау кодтарының саны	Жеке сериялық нөмірлерді генерациялау тәсілі ²	Жеке сериялық нөмірлер массиві ³	Қаптама түрі ⁴
1	2	3	4	5	6

ТТҚ АЖ-да құжатты тіркеу туралы мәліметтер:

ТТҚ АЖ-дағы құжаттың сәйкестендіргіші _____

ТТҚ АЖ-да құжатты тіркеу күні мен уақыты _____

Ескертпе:

ЖСН немесе БСН – Ұйымның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

1 – бір сұрау салуда тауардың 10-нан артық коды көрсетілмеуі тиіс.

2 – дербес/ Оператормәнді қабылдай алады;

3 – егер жеке сериялық нөмерлерді генерациялау тәсілінің мәні "дербес" тең болған жағдайда көрсетіледі.

4 – тұтыншылық(темекі, қорап), топтық (темекі, блоктар) мәнді қабылдай алады;

ТТҚ АЖ – тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау процестерін және олардың айналым процесінде одан әрі қадағалануын ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында Оператор әзірлеген тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесі.

Темекі өнімдерін таңбалау және
қадағалау қағидаларына
2-қосымша
нысан

Таңбалау кодтарының эмиссиясы туралы мәліметтер

Айналымға қатысушы туралы мәлімет:

1. ЖСН немесе БСН _____

2. Ұйымның атауы _____

3. Тапсырыс бойынша өндірістік алаңдар (коды) № _____

таңбалау кодтары беріледі:

№	Тауар коды	Таңбалау кодтарының массиві (сәйкестендіру коды + тексеру коды)
1	2	3

Ескертпе:

ЖСН немесе БСН – Ұйымның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Темекі өнімдерін таңбалау және
қадағалау қағидаларына
3-қосымша
нысан

Сәйкестендіру құралдарын жапсыру туралы ақпарат

Айналымға қатысушы туралы ақпарат:

1. ЖСН немесе БСН _____

2. Ұйымның атауы _____

3. Жалпы ақпарат:

Өндірістік желінің сәйкестендіргіші _____

Өндірістік тапсырыстың сәйкестендіргіші _____ (міндетті емес)

Өнім брендінің атауы _____ (міндетті емес)

ТТБФЖ енгізу туралы есептің сәйкестендіргіші _____ (міндетті емес)

4. Пайдаланылған таңбалау кодтарының тізімі:

Пайдалану түрі* _____

№**	Таңбалау коды
1	2

ТТҚ АЖ-да құжатты тіркеу туралы мәліметтер:

ТТҚАЖ-да құжаттың сәйкестендіргіші _____

ТТҚ АЖ-да құжатты тіркеу күні мен уақыты _____

Ескертпе:

ЖСН немесе БСН – Ұйымның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ТТБФЖ – технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі;

* – таңбалау коды өндірістік желіге берілді/өддірістік желі таңбалау коды принтерге жібереді/ таңбалау коды басып шығарылды/принтермен таңбалау коды расталған жоғалуы/ таңбалау коды жапсыру расталдымәндерін қабылдай алады;

** - таңбалау коды саны 30 000 кодтан аспауы тиіс;

ТТҚ АЖ – тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау процестерін және олардың айналым процесінде одан әрі қадағалануын ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында Оператор әзірлеген тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесі.

Темекі өнімдерін таңбалау және
қадағалау қағидаларына
4-қосымша
нысан

Қаптаманы агрегаттау туралы ақпарат

1. Айналымға қатысушы туралы мәлімет (Жалпы ақпарат):

ЖСН немесе БСН _____

Ұйымның атауы _____

Өндірістік желінің сәйкестендіргіші _____

Өндірістік тапсырыстың сәйкестендіргіші _____ (міндетті емес)

2. Агрегат деректері:

Агрегаттау түрі _____

Агрегат деректері				Агрегатталған ТК массиві	
№	Агрегаттау бірлігінің сәйкестендіру коды	Қаптама сыйымдылығы	Агрегаттау бірлігіндегі нақты дана саны	№	Сәйкестендіру коды*
1	2	3	4	5	6

ТТҚ АЖ-да құжатты тіркеу туралы мәліметтер:

ТТҚ АЖ-да құжаттың сәйкестендіргіші _____

Құжатты ТТҚ АЖ-де тіркеу күні мен уақыты _____

Ескертпе:

ЖСН немесе БСН – Ұйымның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ТК – таңбалау коды;

* – ТК болған жағдайда сәйкестендіру кодының форматы;

– GS1 стандарты (мысалы, блоктар) қолданылады: 01+тауар номенклатурасы (GTIN)+21+сериялық нөмірі;

– GS1 стандарты қолданылмайды (қорап): (GTIN) тауар номенклатурасы + сериялық нөмірі;

ТТҚ АЖ – тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау процестерін және олардың айналым процесінде одан әрі қадағалануын ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында Оператор әзірлеген тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесі.

Темекі өнімдерін таңбалау және
қадағалау қағидаларына
5-қосымша
нысан

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасына тауарларды әкелу туралы 20__ " __ " _____ № _____ хабарлама

Жалпы ақпарат:

1. Алушының ЖСН немесе БСН _____

2. Алушының атауы _____

3. Жөнелтушінің сәйкестендіру нөмірі (немесе жөнелтушінің еліндегі ұқсас нөмірі)

4. Жөнелтушінің атауы _____

5. аумағынан тауарларды әкелу жүзеге асырылатын, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет _____

6. Тауардың Еуразиялық экономикалық одақ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растайтын құжат туралы мәліметтер (тіркеу күні және тіркеу нөмірі) _____

7. Акцизді төлеу туралы мәліметтер:

Түбіртектің күні мен нөмірі _____

Акциз сомасы _____

8. Бастапқы құжаттың күні мен нөмірі – Әкелу туралы хабарлама* _____

Тауарлар туралы ақпарат:

№	Тауардың/қаптаманың сәйкестендіру коды
1	2

Құжатқа ЭЦҚ-мен қол қойылған _____

Ескертпе:

ЖСН немесе БСН – Ұйымның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

* - бұрын қағаз жеткізгіште жазып берілген Хабарлама бойынша мәліметтер енгізілген жағдайда көрсетіледі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Темекі өнімдерін таңбалау және
қадағалау қағидаларына
6-қосымша
нысан

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасына тауарларды әкелу туралы 20__ " __ " __
№ __ хабарлама**

Жалпы ақпарат:

1. Алушының ЖСН немесе БСН _____

2. Алушының атауы _____

3. Тауарларға арналған декларацияның деректемелері:

Нөмірі және күні ("А" бағаны) _____

4. Тауарларға арналған декларация бойынша шешім:

Кеден органының қабылдаған күні мен уақыты _____

шешім коды(кеден органы қабылдайтын шешімдердің жіктеуішіне сәйкес) _____

5. Тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растайтын құжат туралы мәліметтер (тіркелген күні және тіркеу нөмірі) _____

6. Бастапқы құжаттың күні мен нөмірі – Әкелу туралы хабарлама* _____

Тауарлар туралы ақпарат:

№	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды	Тауарларға арналған декларациясындағы тауар нөмірі	Темекі өнімдерін өндіру елі	Тауардың/қаптаманың сәйкестендіру коды
1	2	3	4	5

Құжатқа ЭЦҚ-мен қол қойылған _____

Ескертпе:

ЖСН немесе БСН – Ұйымның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

* - бұрын қағаз жеткізгіште жазып берілген Хабарлама бойынша мәліметтер енгізілген жағдайда көрсетіледі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Темекі өнімдерін тығандалау және қадағалау қағидаларына
7-қосымша
нысан

20__ " __ " _____ № _____ қабылдау/беру актісі

Жалпы ақпарат:

1. Жөнелтушінің ЖСН немесе БСН _____

1. Жөнелтушінің атауы _____

2. Алушының ЖСН немесе БСН _____

3. Алушының атауы _____

4. Бастапқы құжаттың күні мен нөмірі – Қабылдау/беру актісі* 20__ " __ " _____

№ _____

№	Тауар коды	Тауар атауы	Қаптама түрі*	Тауардың /қаптаманың сәйкестендіру коды	Тұтыну қаптамаларының саны
1	2	3	4	5	6

Құжатқа ЭЦҚ-мен қол қойылған _____

Ескертпе:

ЖСН немесе БСН – Ұйымның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

* - бұрын қағаз жеткізгіште жазып берілген Қабылдау/беру актісі бойынша мәліметтер енгізілген жағдайда көрсетіледі;

* * – тұтыну, топтық, көліктік мәндерді қабылдай алады;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Темекі өнімдерін таңбалау және
қадағалау қағидаларына
8-қосымша
нысан

Айналымнан шығару туралы хабарлама

Айналымға қатысушы туралы мәлімет:

1. Ұйымның ЖСН немесе БСН _____

2. Ұйымның атауы _____

Шығарылу себебі:

_____ жылғы № _____ құжат

Шығарылып тасталған өнім туралы мәліметтер:

№	Тауардың/қаптаманың сәйкестендіру коды
1	2

Құжатқа ЭЦҚ- мен қол қойылған _____

ТТҚ АЖ-да құжатты тіркеу туралы мәліметтер*:

ТТҚ АЖ-да құжаттың сәйкестендіргіші _____

ТТҚ АЖ-да құжатты тіркеу күні мен уақыты _____

Ескертпе:

ЖСН немесе БСН – Ұйымның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ТТҚ АЖ – тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау процестерін және олардың айналым процесінде одан әрі қадағалануын ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында Оператор әзірлеген тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Темекі өнімдерін таңбалау және
қадағалау қағидаларына
9-қосымша
нысан

Айналымға енгізу туралы хабарлама

Сатушы туралы мәлімет:

1. Ұйымның ЖСН немесе БСН _____.

2. Ұйымның атауы _____

_____ жылғы № _____ негіздеме құжат

Айналымға енгізудің себебі _____



Айналымда қалпына келтірілетін тауарлар туралы мәліметтер:

№	Тауардың сәйкестендіру коды
1	2

Құжатқа ЭЦҚ- мен қол қойылған _____

ТТҚ АЖ-да құжатты тіркеу тралы мәліметтер*:

ТТҚ АЖ-дағы құжаттың сәйкестендіргіші _____

ТТҚ АЖ-да құжатты тіркеу күні мен уақыты _____

Ескертпе:

ЖСН немесе БСН – Ұйымның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ТТҚ АЖ – тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау процестерін және олардың айналым процесінде одан әрі қадағалануын ақпараттық камтамасыз ету мақсатында Оператор әзірлеген тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.